

сожалению, в большинстве случаев приобретает негативный характер. Нежелательные изменения в работе, большая ответственность, а также неудобство условий работы вызывают стресс у школьных учителей, а в дальнейшем могут привести даже к профессиональному стрессу и снизить качество работы. Это, конечно, приводит к снижению качества знаний, а значит, ухудшается уровень знаний учащихся. А школьники-это будущее нашей страны, наше будущее. Следовательно, если для того, чтобы наше будущее было качественным и прозрачным, мы должны проанализировать причины профессионального выгорания учителей, факторы, вызывающие профессиональный стресс, и в дальнейшем работать напрямую со стрессогенными факторами.

Ключевые слова: учителя школы, профессиональное выгорание, профессиональный стресс, проблемы образования.

Features of professional stress and emotional burnout of school teachers

*¹Zh.Sh.Rakhimbekova, ¹G.K.Slanbekova

¹academician E.A.Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan)

Abstract

The country's constant changes in the field of Education have a huge impact on the psychological state of employees of educational institutions, especially school teachers, and this effect, unfortunately, in most cases, is negative. Unwanted changes in work, great responsibility, as well as the discomfort of working conditions cause stress in school teachers, and subsequently, it can even lead to professional burnout and reduce the quality of work. This, of course, entails a decrease in the quality of Education, which means that the level of knowledge of students deteriorates. And students are the future of our country, our future. Therefore, in order for our future to be high-quality and transparent, we must analyze the causes of professional burnout, stress-causing factors, and then work directly with stress-causing factors.

Keywords: school teachers, professional burnout, professional stress, educational problems.

Поступила в редакцию: 17.02.2023

Одобрена: 10.03.2023

Первая публикация на сайте: 24.07.2023

MPHTI: 15.01.79

ЖАС ОТБАСЫНДАҒЫ ЕР АДАМ МЕН ӘЙЕЛ АДАМНЫҢ РӨЛІ

*¹С.СЕЙТҚАЛИ , ¹Т.М.ЕСИМГАЛИЕВА 

Каспий университеті

(Алматы, Қазақстан)

*@seytkalievass00@mail.ru, tlekshi_86@mail.ru

Аңдатпа

Отбасының ең алғашқы бастауы жігіт пен қыздың танысып, бір-бірін ұнатуынан басталады. Қарапайым екі бөлек адам, екі түрлі мінез, екі түрлі өмір салты, бірақ оларға ортақ махаббат бар. Махаббаттың құдіреті соншалық, басқа адамның кемшілігіне қызығудан шаршамайсың. Ол махаббаттың күші керемет, себебі екі түрлі жан бір арнаға тоғысып болашаққа бірге қадам басуға дайын болады. Болашақ өмірде не күтіп тұрғаны, ешкімге белгісіз, бірақ махаббаттың күші сондай алып күш, болашаққа үлкен үміт артып, жүректегі сеніммен аттанады. Міне осындай шақтардың соңында үй болу, отбасын құру, болашаққа қадам басу кезеңдеріне өтеді. Отбасылық өмірге қадам басқан екі жас өз өмірлерінің алғашқы жылдарында үлкен жауапкершілікті сезініп, жас отбасының ер адам мен әйел адам рөлін ажырата бастайды. Осы мәселе аясында мақаламызда жас отбасындағы ер адам мен әйел адамның рөлін қарастырдық.

Түйін сөздер: Жас отбасы, неке, некелесу, отбасылық қарым-қатынас, отбасылық рөлдер, отбасылық қызмет.

Кіріспе

Отбасы құру негізі ер мен әйелдің махаббат сезіміне толы қыз бен жігіт болып жүріп, болашаққа қол ұстасып үлкен қадам жасауынан басталады. Бұл кезеңнен бастап екеуі де үлкен өмірге өздерін дайындап, керемет сезімге бөленеді. Осыдан кейін отбасылық өмір бастау алады. Жас отбасындағы ер адам мен әйел адамның рөлі, атқаратын қызметі болады. Жас құрылған отбасыда осы мәселеге байланысты көптеген түсініспеушіліктер туындайды. Алайда, алға қойған мақсат-мұратына жету үшін, бірлесіп, келісіп міндеттерін бөліп орындағандары жөн. Заманның дамуына байланысты бұның барлығы өте қатты өзгерістерге ұшырауда. Соған байланысты қазіргі таңда, жас отбасыдағы ер адам мен әйел адам рөлі тақырыбы өте өзекті болып табылады. Атап айтқанда, ер адам мен әйел адамның жеке тұлғалық қасиеттері, эмоционалды өзгеруі, отбасыдағы рөлдердің дұрыс бөлінуі, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, туыстардың жас отбасыға қатысы, пайдасы мен зияны туралы мәселелерді қарастыратын боламыз.

Отбасының ең алғашқы бастауы жігіт пен қыздың танысып, бір-бірін ұнатуынан басталады. Қарапайым екі бөлек адам, екі түрлі мінез, екі түрлі өмір салты, бірақ оларға ортақ махаббат бар. Махаббаттың құдіреті соншалық, басқа адамның кемшілігіне қызығудан шаршамайсың. Ол махаббаттың күші керемет, себебі екі түрлі жан бір арнаға тоғысып болашаққа бірге қадам басуға дайын болады. Болашақ өмірде не күтіп тұрғаны, ешкімге белгісіз, бірақ махаббаттың күші сондай алып күш, болашаққа үлкен үміт артып, жүректегі сеніммен аттанады. Айтылып жатқанның барлығын ұғып, бітпейтін махаббат дастаны деген ой келеді. Алайда кей махаббат дастандарының да аяқталу мерзімі болатынын көріп жүреміз.

Негізгі бөлім

Отбасы мәселесін қозғағанда ең алдымен «Отбасы дегеніміз не?» осы сұрақтың жауабын қарастырып алайық. Осы ұғымның негізін ғалымдардың еңбектерінен зерделесек: Еліміздің ғалымдарымыз Қ.Б.Жарықбаев, О.С.Сангилбаев «Психология» энциклопедиялық сөздігінде отбасы ұғымына мынадай анықтама берілген: «Отбасы мен неке психологиясы – психологиядағы неке және отбасы проблемаларын зерттейтін пәнаралық бағыт. Отбасы - некелесуден, туыстық байланыстардан тұратын шағын топтар, жеке өмірді ұйымдастырудың маңызды формасы және әлеуметтік қоғамдастық түрі [Жарықбаев Қ.Б., 2011].

Отбасы - шағын топ. Отбасы әлеуметтік топ ретінде психология ғылымы зерттеу нысаны болып табылады. Психология ғылымы отбасы мүшелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерін (ата-ана мен бала), оның сипатын, отбасында қалыптасқан психологиялық ахуалды зерттейді [Кузьмишина Т.Л., 2009].

Отбасы, В.Н.Дружининнің пікірінше: «Адам үшін – ол кокон сияқты өмір сүретін ортаның негізі және негізгі компоненті, алғашқы ширек өмірін сүріп, тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізетін орта. Отбасы ұғымымен қатар психологиялық әдебиеттерде некелесу және неке қарастырылады. Күнделікті санада Неке және отбасы ұғымдары бірдей деп түсіндіріледі, бірақ ғылымда олардың анықтамаларын айқын көрсеткен. Неке жыныстар арасындағы қатынастарды реттейтін қоғамдық институт болып табылады», - деп көрсетілген [Дружинин В.Н., 2006].

А.Г.Харчевтың айтуынша «Неке еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынас формасының тарихи өзгерісі, соның салдарынан қоғам олардың жыныстық өмірін ұйымдастырады және санкциялайды, ерлі-зайыптылық, сондай-ақ ата-ана құқықтары мен міндеттері орнатады», - деп қарастырылады [Харчев А.Г., 2003].

Адамзат қауымының отбасын құру шежіресі мәселесін қарастырған ғалымдардың бірі С.Ғаббасов. Ол өзінің «Педагогика мен психология негіздері» деген еңбегінде: «Семья тарихының адамзаттық сипаты, ұрпақ тазалығының мәнін түсіну ата-ана мен бала арасындағы сыйластық, ана құрсағындағы тәрбиенің түрлері, ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынас мәселелеріне» терең талдау жасайды [Ғаббасов С., 2012].

Қазіргі уақытта неке ерлер және әйелдер арасындағы қатынас ерікті түрде тіркеледі. Өзара заңда келісім-шартпен, белгіленген тәртіппен ресімделіп, отбасын сақтауға негізделеді. Неке бостандығымен қатар, неке бұзу бостандығы да болуы мүмкін, оның салдары ажырасудан көрінеді. Сондықтан неке аймағына мінез-құлық әрекеттері жатады.

Отбасы ұғымдарын талдай келе, отбасы қызметтерін М.С.Мацковский отбасылық функцияларды жіктеуде отбасылық қызметтің келесі бағыттарға бөліп көрсеткенін көруге болады [Мацковский М.С., 2009]:

1. Репродуктивті.
2. Тәрбиелік.
3. Шаруашылық-тұрмыстық (шаруашылық-тұрмыстық қызметтерді алу).
4. Экономикалық (материалдық қаражат алу).
5. Бастапқы әлеуметтік бақылау саласы.
6. Рухани байланыс саласы.
7. Әлеуметтік мәртебе.
8. Бос уақыт.
9. Эмоционалды.
10. Жыныстық.

Зерттеуіміздің келесі кезегінде ер мен әйелдің отбасылық рөліне тоқталайық.

Ер адам. Отбасындағы ер адам ұғымынан бастайық. Ер адам отбасында үлкен рөл атқарғысы келеді. Отбасын құрудың алғашқы ғасырларынан бастап ер адам қамтамасыз етуші және қорғаушы рөлін атқарды, ол аң аулап, үйіне әкелетін. Бұл оның табиғи қызметі болған. Бірақ біздің уақытта бұл қызметі орынсыз қалды. Қазіргі әлемде адамның қорғаныс деңгейі бұрынғымен салыстырғанда жоғары (тіпті 18-19 ғасырда адам заңды және физикалық тұрғыда қауіпсіз болмады). Қазіргі заманда ер адамға тамақты өзі алып, отбасын қауіп-қатерден қорғаудың қажеті жоқ, бұл үшін құқық қорғау органдары бар және т.б. бар. Ерлердің негізгі қызметі - жауапкершілік. Күш неғұрлым көп болса, соғұрлым жауапкершілік артады. Бұл қасиет бүгінгі күнге дейін өзекті болып келеді. Ер адам отбасылық маңызды мәселелерді (бала тәрбиесі, көлік алу, саяжай салу, т.б.) әйеліне қалдырмауы керек. Ол өзінің салмақты сөзін айтуы керек және ол кейін кінәні әйеліне аудара алмайтындай шешім қабылдауы тиіс. Қазақ дәстүрі бойынша қара шаңыраққа кіші ұл ие болуы тиіс, себебі қара шаңырақ баланың түп-тамыры шыққан жер болып саналады. Бұл да ер адамның атқаратын маңызды рөлі.

Әйел адам. Отбасындағы әйел ұғымын жалғастырайық. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ әйелінің басты міндеті - отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады. Қазақ отбасында қыз тәрбиесіндегі маңызды бөліктерінің бірі - үй шаруасына баулу, кесте тігу, тамақ әзірлеу, құрақ құрау және т.б. Бірақ заманауи шындықта әйелді барлық уақытын тазалауға, тамақ әзірлеуге және балаларды тәрбиелеуге жұмсайды деп айту қиын. Біздің кезімізде ол жұмысқа барып, ақша табуды жөн көреді, яғни ол асыраушысы ретінде ер адам қызметінің бір бөлігін алады. Әйелі күйеуінен көп алатын кездер болады. Бұл кезде ер адамның өзін-өзі бағалауы төмендеуі мүмкін. «Жаман» әйел күйеуінен гөрі отбасының өркендеуіне көп үлес қосқаны үшін күйеуінің наразылығын тудырады. Бұл оң отбасылық қарым-қатынастарға ықпал етпейді. Ал егер әйелі күйеуін жан-жақты қолдауға және ынталандыруға тырысса, оның отбасылық істердегі маңыздылығын атап өтсе, жауапты шешім қабылдай алатынына сенсе, ер адамның өзін-өзі бағалауы бұзылмайды, бұл отбасы үшін өте маңызды. Сол себепті әйел адамның отбасыдағы рөлдері болып табылатын, үйдің тірлігі, еріне деген моральді қолдауы дұрыс болса, бала тәрбиесіне көңіл бөлсе отбасылық рөлдер тепе-теңдігі бұзылмайды.

Жоғарыда мысалдарды талдай келе, «Отбасының қалыптасып даму кезеңдеріне сай олардың қызметтері де өзгеріп отырады, алайда отбасының қызметтері туралы басқа да көзқарастар бар» деп атап кеткен [Момынбаев Б.К., 2008].

Ер адам мен әйел адамның отбасылық рөлдері. Т.В.Андрееваның еңбегінде «Жас құрылған отбасыдағы рөлдердің бөлінуі, бұл отбасының келешекте дамуы мен бақытты күн кешуінің айқын көрінісі. Себебі, айтып кеткеніміздей отбасы шағын мемлекет. Мемлекеттің басқарушысы, орындаушысы және қарапайым мүшелері болуы тиіс, яғни, отбасы толығымен мемлекеттің шағын моделі. Ал бұл құрылымда, бір мүшесі істен шықса отбасының дамуы бәсеңдеп, құлдырауға алып келуі мүмкін. Сол себепті рөлдердің бөлінуі мен атқарылуы міндетті болып табылады. Оның пайымдауынша «Отбасылық рөлдер-мақсаттар, сенімдер, сезімдер, құндылықтар ретінде түсініледі, күтілетін немесе адамға қатысты әрекеттер отбасылық жүйеде ер мен әйелдің белгілі бір орны бар.

Конвенциялық - құқықпен, моральмен, дәстүрмен анықталған рөлдер. Мысалы: күйеуі, әйелі, анасы, әкесі, баласы, ағасы, әпкесі және т.б. рөлдері. Күйеуі, әйелі, әкесі, анасы, сондай-ақ балалар үшін жалпы құқықтар мен міндеттер ата-аналарға деген көзқарас заңмен бекітілген. Нақты нормалар және ережелер конвенциялық рөлді тасымалдаушының не орындауы керектігін анықтайды. Мысалы: анасы балаларға әртүрлі дағдыларды игеруге көмектесуі керек, олардың мінез-құлқын бақылау және т.б.

Тұлғааралық - рөлдер, олар тұлғалық тасымалдаушыларының ерекшеліктері, бейімділігі (көшбасшы, диктатор, сүйікті, құл және т.б.) бойынша анықталады» [Андреева Т.В., 2004].

М.И.Буяновтың айтуынша отбасылық рөлдер келесі талаптарға бөлінеді:

- 1) жеке адамның отбасында атқаратын рөлдерінің жиынтығы оның құрметтеу, тану және т. б. қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету;
 - 2) орындалатын отбасылық рөл мүмкіндіктерге осы рөлді тасымалдаушы сәйкес келуі керек. Егер рөлге қойылатын талаптар басым болса, рөл тасымалдаушысында дабыл бар, жүйке-психикалық стресс ретінде. Мысалы, бұл балада болуы мүмкін, ол «ата-ананың рөлін» орындайды (күшінің болмауына, ауру салдары және т.б. байланысты);
 - 3) жеке адамның отбасында атқаратын отбасылық рөлдерінің жиынтығы оның қажеттіліктерін ғана емес, басқа отбасы мүшелерінің қажеттіліктерін де қанағаттандыруды қамтамасыз ету. Мысалы, белгілі бір отбасы мүшелерінің демалысын, басқа отбасы мүшесінің еңбегі арқылы қамтамасыз ету психотравмаға алып келуі мүмкін» [Буянов М.И., 2009].
- Отбасында қызметтермен қатар, кейбір жағдайда кикілжіңдердің де туу себептері, салдарыда орын алады. Осы факторларға тоқталып өтсек.

Ақша мәселесі. Қазіргі қоғамда көптеген адамдар ақша проблемаларына тап болады. Бұрын бұл мәселе соншалықты өткір болған жоқ, сондықтан ол дау-дамайдың себебі болды. Бүгінде ер адам әйелді оның мазмұнында деп айыптауы мүмкін, бірақ әйелдің де мұндай құқығы бар. Ақша табатын адам көбінесе өзінің «жартысы» тым көп ақша жұмсайды, қажетсіз заттарды сатып алады немесе жай ғана ақша жинайды деп сенеді. Сонымен қатар, екінші серіктес қаражатты ұтымды жұмсайтынына сенімді және екіншісі одан да көп ақша табуы мүмкін деп санайды. Осыдан қақтығыстар мен түсінбеушілік туындайды.

Қарама-қарсы пікірлер. Егер бір серіктес екіншісінің ұстанымын қабылдағысы келмесе және оған құрметпен қараса, онда бұл міндетті түрде жанжалдың себебі болады. Бір серіктес екіншісін өз жағына сүйреуге тырысады, егер бұл нәтиже бермесе, қарым-қатынасты бұзуға әкеледі. Екі серіктес те бір-бірінің позициясын түсінеді, оларды қабылдауға келуге дайын емес.

Өмір. Қақтығыстарды тудыратын көптеген жағдайлар тұрмыстық мәселелермен байланысты. Мұндай қақтығыстар әр отбасында туындауы мүмкін, ал материалдық әл-ауқат та, әлеуметтік мәртебе де, басқа сәттер де маңызды емес. Үйде шашыраңқы шұлықтар мен бұралмаған тіс пастасы түтіктерінен бастап қақтығыстарды дамытудың көптеген нұсқалары бар.

Қолдау тапшылығы. Егер адам серіктесімен қандай да бір проблеманы бөлісуді шешсе, ол, әрине, екінші қолдау мен түсіністіктен күтеді. Сіз бастықтармен проблема туралы сөйлескен кезде, сіз екінші жартысы сізді міндетті түрде қолдайды және сіздің жағыңызды қабылдайды

деп күтесіз. Бірақ серіктес ашық немқұрайлылық танытқанда немесе сынай бастағанда, әрине, адам қайғырады. Бірге-бірте бұл жағдай қақтығысқа және қарым-қатынасты нақтылауға әкеледі.

Таңдау. Көбінесе серіктестер арасында таңдау жасалады, мысалы, демалысты қай жерде өткізу керек, пәтерді жөндеуді қайдан бастау керек және т.б. егер екі серіктес бірауыздан шешімге келе алмаса, онда жанжалдар мен қарым-қатынастарды ұзақ уақыт түсіндіру пайда болады. Нәтижесінде проблемалар ешқашан шешілмейді және серіктестер арасындағы күрес тек қызады.

Туыстары. Әр адам ата-ананы таңдамайтынын жақсы түсінеді. Адамдар бұл туралы көбінесе олардың адамгершілігін тыңдау керек болған кезде ойлайды. Егер бұл сіздің ата-анаңызда емес, серіктесіңіздің ата-анасында болса, онда өзіңізді бұзбауға сендіру қиын болуы мүмкін. Рас, көбінесе «жартысының» ата-аналарына ештеңе айтылмайды, бірақ серіктеспен жанжал күшті негізге ие болады, өйткені сіз біреуді бұзуыңыз керек.

Susan L. Brown еңбектерінде отбасына байланысты жастардың отбасын құру, ата мен бала қарым-қатынастары сияқты көптеген мәселелер қарастырылған [Susan L. Brown, 2022].

V.Vendula, V.Karin, A.Iris, B.Ute еңбектерінде әйелдер мен ерлер арасындағы негізгі айырмашылық әке болу мерзімінде болатыны, әйелдерде сыртқы мәселелер ата-аналық траекториямен байланыстылығы, ер адамдарда ішкі мәселелер ұзақ уақыт оқумен байланысты болатындары туралы айтылған [Vendula V., 2022].

Үндістанның екі штатында отбасын жоспарлау қызметіне жүгінген кезде жас аналардың егде жастағы аналарға қарағанда жоғары сапалы күтім алу ықтималдығы аз болатыны баяндалады. Сонымен бірге отбасын жоспарлау, жастар алатын күтімнің сапасы тәрізді мәселелерде қарастырылған [Elizabeth Tobey M.S.P.H., 2023].

Сахараның оңтүстігіндегі Африканың 22 еліндегі жас әйелдер арасында отбасын жоспарлау, 15 пен 24 жас аралығындағы жас әйелдер арасында отбасын жоспарлау бағдарламаларының және ел деңгейіндегі басқа факторлардың әсерін бағалаудың рөлін бағалау Asantesana Kamuyango, Tsung Yu, Chon-Kit Ao, Susan C. Hu, Wen-Hsuan Hou, Ching-Cheng Tseng, Chung-Yi Li еңбектерінде қарастырылған [Asantesana Kamuyango, 2022].

Жас ата-аналар ата-аналық дағдыларды үйренуге және дамытуға ұмтылуы, жүктілік кезіндегі және өмірдің алғашқы жылдарындағы қолдау терапиясы жаңа ата-аналардың психикалық денсаулығын жақсартуы мәселелері Susanne Darra, Michael R.M. Ward, Catherine Jones, Sara Jones зерттеулерінде көрсетілген [Susanne Darra, 2020].

Зерттеушілер ұрпақтар арасында білім беруді көрсету, кеңейтілген отбасымен тапсырмаларды бірлесіп орындау, үлкен отбасында бата сезімі және бала күтіміне байланысты жергілікті мифтер мен мәдени тәжірибелерді зерттеген. Нәтижелер бұл жасөспірім аналар үшін ұрпақтар арасында білім беру маңызды екенін көрсетті. Олар өз міндеттерімен бөлісті және балаларына қамқорлық жасауға байланысты жергілікті нанымдар мен мәдени тәжірибелермен бірге үлкен отбасыларына ие болғанын көруге болады [Erfin Erfin, 2022].

Әдістер

Жас құрылған отбасыдағы міндеттерді бөліп орындау, ортақ отбасылық шешім қабылдау барлығы өте маңызды болып табылады. Атап айтқанда, бұл жерде де рөлдерді анықтап, бірге әрекет ету дұрыс, сол себепті жас құрылған отбасылармен «жас отбасыдағы ер адам мен әйел адам рөлі» тақырыбында зерттеу жүргізген болатынбыз. Сұхбат 6 отбасымен жүргізілді, ер адам да, әйел адам да өте белсенді қатысты.


Сұхбат барысында қойылған сұрақтар:

1. Сіздер жас отбасысыздарма?

2. Отбасы құрғалы кімнің мінезі өзгерді?
3. Егер араларыңызда кикілжің туса, алғашқы қадамды кім жасайды?
4. Жас отбасындағы мереке, іс-шараларға қай отбасы мүшесінің үлесі көп?
5. Болашақта бала тәрбиесімен кім айналысады?
6. Жас отбасы болғалы бір-біріңізге қаншалықты жиі көңіл бөлесіздер?
7. Отбасыға байланысты шешімдерді кім қабылдайды?


Нәтижелер

Алғашқы сұрақтан зерттеу жұмысымызға ер адам мен әйел адамдардың қатысқанын көре аламыз. Ер адам да, әйел адам да, бірлесіп 100% ия деп жауап берді. Екінші сұрағымызда: Ер адам мінезі - 31%-ға өзгерген, ал әйел адамға тоқталатын болсақ, тұрмыс құрғаннан кейін - 48%-ға өзгеріске ұшыраған. Алайда жас отбасы мүшелері бірлесіп 21% ұнамсыз мінездерінен арылған (сурет 1).



Сурет 1. Ер адам мен әйел адамды және олардың мінездерін анықтау сауалнамасы

Үшінші сұрағымызда: Отбасылық кикілжіңде алғашқы қадамды ер адам-58%-ға бірінші болып жасайды, әйел адам-23%, бірлесіп кикілжіңді шешу-19% есебінде болады. Ал төртінші сұрағымызда: Ер адам – 10% көп жағдайда материалды тұрғыда үлесін қосады. Әйел адам – 65%, себебі ұйымдастыру, дұрыс өтілуі барлығы әйел адамның мойнына жүктеледі. Бірлесіп – 25% (сурет 2).



Сурет 2. Жас отбасылардың арасында кикілжің, шараларға отбасы мүшелерінің үлесі
Зерттеу жұмысының келесі сауалнамаларын кестеде көрсетеміз (кесте 1).

Жас отбасыларға жүргізілген зерттеудің нәтижелері

Сұрақ	Жауап
Бала тәрбиесімен кім айналысады?	Ер адам – 37%, әйел адам – 41%, бірлесіп – 22%
Жас отбасы болғалы бір-біріңізге қаншалықты жиі көңіл бөлесіздер?	Ер адам – 19% , әйел адам – 21%, бірлесіп – 28%, бөлмейміз – 42%
Отбасыға байланысты шешімдерді кім қабылдайды?	Ер адам – 41%, ең маңызды шешімдерді қабылдайды. Әйел адам – 33% шаруашылыққа байланысты шешімді қабылдайды. Жас отбасыға қатысты шешімдерді бірлесіп – 26% қабылдайды

Жас отбасыларға жүргізілген зерттеу жұмысынан әйел адамдар мен ер адамдың үлесін, олардың өзіндік ерекшеліктерін, олардың рөлдері мен қызметтерін көруге болады. Елімізде жаңадан отбасын құрған жастарға көптеген қолдауларды көрсеткен абзал деп есептейміз. Себебі, жас отбасылардың бір-біріне, отбасыларына бейімделуі, кездесетін қиындықтарды бірлесе шеше білуге, бір-бірлерін, ата-ана, бауырларын түсінуге бағытталуда қолдау көрсету өте маңызды. Жас отбасындағы ер адам мен әйел адамның рөлдерін біліп, оны кіршіксіз орындауда отбасының негізі қалатынын ескеру қажет деп ойлаймыз. Сондықтан бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қорытынды

Атқарылған жұмыстарға сүйене отырып, келесі тұжырымдарды жасауға болады, жас отбасыдағы жас жұбайлардың атқаратын рөлдерін бөлу бірлесіп өмір сүруде, яғни отбасыда өте маңызды деп есептейміз. Себебі отбасының дамуы және өркендеуі үшін барлығын талдап, кикілжіңсіз шешу маңызды болып табылады. Ер адам мен әйел адам рөлдерін бөлуі, қызмет барысында міндеттерді бөлумен тең екенін түсінуге болады. Алайда отбасылық өмірдегі рөлдер, жұмыс барысындағы рөлдерден де жауапкершілігі жоғары болып саналады. Ер адам отбасылық өмірдегі рөлін толығымен дұрыс атқаратын болса, әйел адам нәзіктігін жоғалтпай өз рөлінде қалатын еді. Бірақ қазақ отбасында тәрбие алған ер адамның барлық үй шаруасына араласа бермейтінін байқасақ болады. Сол себепті жас отбасылық өмірдегі ер мен әйел адамның рөлдерін зерттей келе, жас отбасы болып құрылған кезден бастап-ақ, әйел адам отбасылық рөлдердің көп бөлігін өз мойнына алады. Заман дамуымен бірге отбасы ішілік ережелердің өзгеріп жатқанына көз жеткіздік. Отбасыдағы рөлдердің дұрыс қолға алынбауы нәтижесінде кейбір отбасыларының ажырасу мәселесі де орын алып отыр. Сондықтан да бір-бірімен байланысып жатқан жолды дұрыс жалғау қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. (2011) Психология: *Энциклопедиялық сөздік*, Алматы, 624 [Электрондық ресурс]: URL: <https://adebiportal.kz/upload/iblock/b51/b51b9b89e1b6b84ef8ef8f36547c93bb.pdf> (өтінім берілген күні: 15.12.2022).
- Кузьмишина Т.Л. (2009) *Семейное воспитание: запреты и наказания*, 43-45 [Электрондық ресурс]: URL: <http://mpgu.su/staff/kuzmishina-tatyana-leonidovna> (өтінім берілген күні: 15.12.2022).
- Дружинин В.Н. (2006) *Психология семьи*, М., 14-17 [Электрондық ресурс]: URL: <https://psy-journal.hse.ru/data/2011/04/27/1210613144/60-77.pdf> (өтінім берілген күні: 17.12.2022).
- Харчев А.Г. (2003) *Социология семьи: проблемы становления науки*. М., 339 [Электрондық ресурс]: URL: <https://search.rsl.ru/ru/record/01002146323> (өтінім берілген күні: 17.12.2022).
- Ғаббасов С. (2008) *Педагогика мен психология негіздері*. Алматы: Таймас, 448 [Электрондық ресурс]: URL: <http://elib.kstu.kz/fulltext/skan/Pedagogika%20men%20psihologiya%20Gabbasov.pdf> (өтінім берілген күні: 19.12.2022).

- Мацковский М.С. (2008) *Современная семья и ее проблемы*. М.: Статистика, 224 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.libex.ru/detail/book238324.html> (өтінім берілген күні: 19.12.2022).
- Момынбаев Б.К. (2008) *Жоғары сынып оқушыларын отбасылық қарым-қатынасқа некелік өмірге даярлау*, 128 [Электрондық ресурс]: URL: http://rmebrk.kz/bilim/association/jundibaeva_otbasy.pdf (өтінім берілген күні: 20.12.2022).
- Андреева Т.В. (2004) *Семейная психология*, 244 [Электрондық ресурс]: URL: <https://pedlib.ru/Books/2/0356/index.shtml> (өтінім берілген күні: 20.12.2022).
- Буянов М.И. (2008) *Женщины глазами психиатра*, 128 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.koob.ru/buyanov/> (өтінім берілген күні: 25.12.2022).
- Susan L. Brown (2022) *Union and Family Formation During Young Adulthood: Insights From the Add Health* 32-39 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1054139X2200516X> (өтінім берілген күні: 10.01.2023).
- Vendula V., Karin V., Iris A., Ute B. (2022) *Work-family trajectories in young adulthood: Associations with mental health problems in adolescence*, 314 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0277953622007663> (өтінім берілген күні: 10.01.2023).
- Elizabeth Tobey M.S.P.H., Aparna Jain Ph.D., M.P.H., Arupendra Mozumdar (2023) *Differences in Quality of Care of Family Planning Services Received by Age and Contraceptive Continuation Among Young Mothers in India*, 88-95 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1054139X22006140> (өтінім берілген күні: 12.01.2023).
- Asantesana Kamuyango, Tsung Yu, Chon-Kit Ao, Susan C. Hu, Wen-Hsuan Hou, Ching-Cheng Tseng, Chung-Yi Li (2022) *The public-sector family planning program impact scores in association with long-acting reversible contraceptive use among young women in 22 Sub-Saharan African countries: A pooled multi-level analysis*, 44-49 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0010782421004972> (өтінім берілген күні: 15.01.2023).
- Susanne Darra, Michael R.M. Ward, Catherine Jones, Sara Jones (2020) *Young parents' experiences of a multi-agency young families project: Findings from a co-produced study*, 116 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0190740920304552> (өтінім берілген күні: 18.01.2023).
- Erfina Erfina, Widyawati Widyawati, Lisa McKenna, Sonia Reisenhofer, Djauhar Ismail (2022) *Becoming an adolescent mother: The experiences of young Indonesian new mothers living with their extended families* [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0266613821002503> (өтінім берілген күні: 20.01.2023).

References

- Zharykbaev K.B., Sangilbaev O.S. (2011) *Psihologiya: Enciklopediyalyk sozdik*, Almaty, 624 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adebiportal.kz/upload/iblock/b51/b51b9b89e1b6b84ef8ef8f36547c93bb.pdf> (otinin berilgen kuni: 15.12.2022).
- Kuz'mishina T.L. (2009) *Semejnoe vospitanie: zaprety i nakazaniya*, 43-45 [Elektrondyk resurs]: URL: <http://mpgu.su/staff/kuzmishina-tatyana-leonidovna> (otinin berilgen kuni: 15.12.2022).
- Druzhinin V.N. (2006) *Psihologiya sem'i*. M., 14-17 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://psy-journal.hse.ru/data/2011/04/27/1210613144/60-77.pdf> (otinin berilgen kuni: 17.12.2022).
- Harchev A.G. (2003) *Sociologiya sem'i: problemy stanovleniya nauki*. M., 339 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://search.rsl.ru/ru/record/01002146323> (otinin berilgen kuni: 17.12.2022).
- Gabbasov S. (2008) *Pedagogika men psihologiya negizderi*. Almaty: Tajmas, 448 [Elektrondyk resurs]: URL: <http://elib.kstu.kz/fulltext/skan/Pedagogika%20men%20psihologiya%20Gabbasov.pdf> (otinin berilgen kuni: 19.12.2022).

- Mackovskij M.S. (2008) *Sovremennaya sem'ya i ee problemy*. M.: Statistika, 224 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.libex.ru/detail/book238324.html> (otinin berilgen kuni: 19.12.2022).
- Momynbaev B.K. (2008) *Zhogary synyp okushylaryn otbasylyk karym-katynaska nekelik omirge dayarlau*, 128 [Elektrondyk resurs]: URL: http://rmebrk.kz/bilim/association/jundibaeva_otbasy.pdf (otinin berilgen kuni: 20.12.2022).
- Andreeva T.V. (2004) *Semejnaya psihologiya*, 244 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://pedlib.ru/Books/2/0356/index.shtml> (otinin berilgen kuni: 20.12.2022).
- Buyanov M.I. (2008) *Zhenshchiny glazami psihiatra*, 128 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.koob.ru/buyanov/> (otinin berilgen kuni: 25.12.2022).
- Susan L. Brown (2022) *Union and Family Formation During Young Adulthood: Insights From the Add Health*, 32-39 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1054139X2200516X> (otinin berilgen kuni: 10.01.2023).
- Vendula V., Karin V., Iris A., Ute B. (2022) *Work-family trajectories in young adulthood: Associations with mental health problems in adolescence*, 314 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0277953622007663> (otinin berilgen kuni: 10.01.2023).
- Elizabeth Tobey M.S.P.H., Aparna Jain Ph.D., M.P.H., Arupendra Mozumdar (2023) *Differences in Quality of Care of Family Planning Services Received by Age and Contraceptive Continuation Among Young Mothers in India*, 88-95 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1054139X22006140> (otinin berilgen kuni: 12.01.2023).
- Asantesana Kamuyango, Tsung Yu, Chon-Kit Ao, Susan C. Hu, Wen-Hsuan Hou, Ching-Cheng Tseng, Chung-Yi Li (2022) *The public-sector family planning program impact scores in association with long-acting reversible contraceptive use among young women in 22 Sub-Saharan African countries: A pooled multi-level analysis*, 44-49 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0010782421004972> (otinin berilgen kuni: 15.01.2023).
- Susanne Darra, Michael R.M. Ward, Catherine Jones, Sara Jones (2020) *Young parents' experiences of a multi-agency young families project: Findings from a co-produced study*, 116 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0190740920304552> (otinin berilgen kuni: 18.01.2023).
- Erfina Erfina, Widyawati Widyawati, Lisa McKenna, Sonia Reisenhofer, Djauhar Ismail (2022) *Becoming an adolescent mother: The experiences of young Indonesian new mothers living with their extended families* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0266613821002503> (otinin berilgen kuni: 20.01.2023).

Роль мужчины и женщины в молодой семье

^{*1}С.Сейткали, ¹Т.М.Есимгалиева

¹Каспийский университет (Алматы, Казахстан)

Аннотация

Самое раннее начало семьи начинается с того, что парень и девушка встречаются и любят друг друга. Просто два разных человека, два разных характера, два разных образа жизни, но у них есть общая любовь. Любовь настолько сильна, что вам не надоест интересоваться недостатками другого человека. Сила любви велика, потому что две разные души будут готовы вместе двигаться в будущее, переплетаясь в одно и то же русло. То, что ждет в будущей жизни, никому неизвестно, но сила любви – это такая гигантская сила, что большие надежды на будущее уходят с уверенностью в сердце. И вот, в конце таких времен, переходит к этапам становления дома, создания семьи, шагу в будущее. Вступая в семейную жизнь, два молодых человека в первые годы своей жизни, чувствуя большую ответственность, начинают различать роль мужчины и женщины в молодой семье. В рамках этого вопроса в нашей статье мы рассмотрели роль мужчины и женщины в молодой семье.

Ключевые слова: Молодая семья, брак, бракосочетание, семейные отношения, семейные роли, семейная деятельность.

The role of a man and a woman in a young family

**¹S.Seitkaly, ¹T.M.Yessimgaliyeva
Caspian University (Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The very beginning of a family begins with the fact that a guy and a girl get acquainted and like each other. Simple two separate people, two different personalities, two different lifestyles, but they have a common love. Love is so powerful that you never get tired of being interested in another person's shortcomings. He said that the power of love is great because two different souls converge in one channel and are ready to step into the future together. What awaits in the future life is unknown to anyone, but the power of love is such a huge force that it goes to the future with high hopes and faith in the heart. At the end of such periods, we move on to the stages of becoming a home, creating a family, and stepping into the future. Entering family life, two young people in the first years of their lives feel a great responsibility and begin to distinguish between the role of a man and a woman in a young family. Within the framework of this issue, in our article we considered the role of a man and a woman in a young family.

Keywords: young family, marriage, marriage, family relationships, family roles, family activities.

Поступила в редакцию: 16.02.2023

Одобрена: 14.03.2023

Первая публикация на сайте: 19.07.2023

МРНТИ: 14.35.01

РЕВОЛЮЦИЯ УНИВЕРСИТЕТСКОЙ ПЕДАГОГИКИ И СИСТЕМНЫЕ МЕРЫ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

**¹Ж.Х.РАИСОВА^{ID}, ²Ж.Е.БАЛГУЖИНОВА^{ID}*

*¹Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова
(Костанай, Казахстан)*

²Костанайский политехнический высший колледж (Костанай, Казахстан)

**raisova-zhanna@mail.ru, zoya_balquzhinova@mail.ru*

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы современного высшего образования, связанные с интегрированием новых форм обучения. Педагогические практики стремительно изменяются под влиянием различных факторов, чем ставят перед современным образованием вопросы проблемно-ориентированного обучения и компетентного подхода. Современные студенты имеют свободный доступ к любой интересующей их информации, это заставляет современных преподавателей по-новому разграничивать для студентов понимание между информацией и знанием. Поэтому развитие методов обучения и преподавания стало основной целью не только для университетов, но и для организаций, которые являются участниками Болонского процесса. Поэтому перед выпускающими встает еще одна проблема, касающаяся выпуска специалистов с востребованными навыками, но готовых адаптироваться к требованиям работодателя завтра. Кроме модернизации самого образовательного процесса встает вопрос о законодательном обеспечении образования, который регламентировал качество и служил ориентиром для высших учебных заведений. В статье приведены примеры эталонных систем качества, с помощью которых возможно трезво оценить качество дистанционного и институционального обучения, осуществляемого в традиционном формате. Поэтому должна прослеживаться связь между поставленными целями, методами их достижения и оценки качества.

Ключевые слова: высшее образование, университетская педагогика, ВУЗ, педагогическая практика, цифровое обучение, неформальное образование, педагогические инновации, дистанционное обучение.